

БЕКІТІЛДІ

«Азаматтық авиация академиясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Хаттама № 01-2025 13 ақпан 2025ж.

**«Азаматтық авиация академиясы» АҚ
2025 жылға арналған комплаенс-офицерінің жұмыс
ЖОСПАРЫ**

Азаматтық авиация академиясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс 2023 жылдан бастап енгізіліп, қазіргі уақытта даму кезеңінде тұр. 2025 жылы комплаенс-офицердің қызметі негізгі үдерістерді құру және енгізу кезеңінен жүргізіліп жатқан жұмыстарды мониторингтеу бағытына ауысып, одан әрі жұмысты жетілдіру шараларын қабылдауға, ашықтықты қамтамасыз етуге және заңнама талаптарының сақталуына баса назар аударуға бағытталады.

№	Іс-шараның атауы	Іске асыру жолдары / Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
НОРМАТИВТІК ЖҰМЫС					
1.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілген жұмысты мониторингтеу нәтижесінде туындаған қажеттілікке сәйкес жаңа ішкі құжаттарды әзірлеу немесе қолданыстағы ішкі құжаттарды жетілдіру.	Жүргізіліп жатқан жұмысты мониторингтеу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша ішкі құжаттарды – саясаттарды, ережелерді, қағидаларды, нұсқаулықтарды, стандарттарды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасын және басқа да құжаттарды әзірлеу/түзету. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша	Кезекті мониторинг қорытындылары талқыланғаннан кейін бір ай ішінде.	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	«Азаматтық авиация академиясы» АҚ-ның комплаенс-офицері туралы Ережесінің 3.4-тармағының 4) және 10) тармақшаларына, сондай-ақ 3.5-тармағының 8) тармақшасына сәйкес.

		ішкі құжаттар			
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ және ӨЗГЕ ДЕ ЖҰМЫСТАР					
2.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстың жаңа саясаттары мен рәсімдерін іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды мониторингтеудің принциптерін әзірлеу, оның нысандары мен ағымдағы жылға арналған мерзімдерін бекіту.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсты мониторингтеу нысандары мен мерзімдері туралы ереже	2025 жылдың 1-тоқсаны	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	
3.	Анықталған және құжатталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен тікелей байланысты функционалдық міндеттері бар қызметкерлер үшін анықталған тәуекелдердің алдын алу жөніндегі жаңа саясаттар мен рәсімдер бойынша оқыту тренингтерін өткізу.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсқа қатысты ішкі құжаттарда – саясаттарда, ережелерде, қағидаларда, нұсқаулықтарда, стандарттарда және т.б. баяндалған жаңа жұмыс форматы туралы қызметкерлерді ақпараттандыру мақсатында түрлі форматтағы тренингтер – топтық, жеке, қашықтан оқыту және басқа да тренингтер өткізу. Есептік ақпарат	Үнемі	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	<i>«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереженің» 15-тармағының 7) тармақшасына сәйкес. ЖӘҚЖДО-ның қатысуымен</i>
4.	2025 жылдың көктемгі және қысқы семестрлерінің қорытындысы бойынша Академия студенттері арасында сыбайлас жемқорлықты қабылдау мәселелері бойынша анонимді сауалнама жүргізу және оның нәтижелерін Академияның ресми сайтында жариялау.	Оқу ордасында сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін бағалау үшін анонимді анкеталау. Есептік ақпарат.	2025 жылдың сәуір-мамыр айлары; 2025 жылдың қараша-желтоқсан айлары.	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	<i>Нысаналы аудитория: барлық білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша оқитын студенттер. ЖӘҚЖДО-ның қатысуымен</i>

5.	Академия қызметкерлері мен студенттері үшін комплаенс басқару қағидаттарын түсіндіру, қауіпсіз кері байланыс арналары туралы ақпарат беру және қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстың жаңа саясаттары мен рәсімдерімен таныстыру бойынша ақпараттық тренингтер өткізу.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қағидаттарымен таныстыру мақсатында түрлі форматтағы тренингтер – топтық, жеке, қашықтан оқыту және басқа да тренингтер өткізу. Есептік ақпарат.	Әр семестрдің басында.	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	<i>Нысаналы аудитория: 1-курс студенттері. ЖӘҚЖДО-ның қатысуымен</i>
6.	Өткен жылы жүргізілген жұмысты мониторингтеу негізінде Академиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жалпы мәселелері бойынша қызметкерлермен тұрақты кері байланыс жүйесін жетілдіру. Студенттер мен қызметкерлерді осындай байланыс арналары туралы кеңінен хабардар ету арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысына деген сенімді арттыру.	Қажет болған жағдайда анонимді кері байланыс арналарының, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы жаңа арналарын енгізу. Академия қабырғасында ақпараттық жұмыстар жүргізу.	Оқу жылы бойы.	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	<i>«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереженің» 26-тармағының 3) тармақшасына сәйкес.</i>
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС					
7.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстың жаңа саясаттары мен рәсімдерін іске асыруды мониторингтеу, комплаенс жүйесінің жағдайы бойынша кеңейтілген талдау дайындау. Өткізілген мониторинг нәтижелері негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (СЖИТ) жүргізу қажеттілігі және жаңа саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу туралы шешім қабылдау.	Жүргізіліп жатқан жұмысты мониторингтеу: - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың релеванттылығы; - тәуекелдердің алдын алуға бағытталған ішкі саясаттар мен рәсімдердің тиімділігі; - қызметкерлерді жаңа саясаттар мен рәсімдер бойынша оқытудың нәтижелілігі; - анонимді кері байланыс арналарының пәрменділігі; және басқа да мәселелер.	2025 жылдың сәуір айы, 2025 жылдың тамыз айы, 2025 жылдың желтоқсан айы.	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	

		Жұмысты жетілдіру бойынша кеңейтілген ұсыныстармен бірге аналитикалық анықтама.			
ЕСЕПТІЛІК					
8.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аумақтық уәкілетті органға дайындау және ұсыну.	Есептік ақпарат.	Тоқсан сайын	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	«Азаматтық авиация академиясы» АҚ комплаенс-офицері туралы Ереженің 4.2-тармағына сәйкес.
9.	Осы комплаенс-офицердің жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті дайындау.	Директорлар кеңесінде есеп беру.	2025 жылдың маусым айы, 2025 жылдың желтоқсан айы.	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	«Азаматтық авиация академиясы» АҚ комплаенс-офицері туралы Ереженің 4.3-тармағына сәйкес.
10.	2026 жылға арналған комплаенс-офицердің жұмыс жоспарын бекіту.	Жұмыс жоспары	2025 жылдың желтоқсан айы.	Комплаенс-офицер Тельтаев Б.Е.	«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереженің» 15-тармағының 1) және 11) тармақшаларына сәйкес.

Жылдың күтілетін негізгі нәтижелері:

1. Ұйымдағы комплаенс мәдениетін нығайту.
2. Жұмыстың тиімділігін мониторингтеуге және бағалауға басымдық беру.
3. Тәуекел деңгейі жоғары аймақтарда жұмыс істейтін қызметкерлерді қарқынды оқыту.
4. Қызметкерлермен кері байланыс арналарының жетілдірілуі.
5. Академияның серіктестер, қызметкерлер және реттеуші органдар алдындағы беделін нығайту.

Дайындаған:

Комплаенс- офицер


 (қолы)

Б.Е. Тельтаев

«13» ақпан 2025ж.

✉ Б.Е. Тельтаев
 ☎ +7707-990-9660
 ✉ b.teltayev@agakaz.kz